



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 31 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2012 жылғы 24 тамыз

*«FAISAL», «ZAHIR»  
ескерткіш монеталарын  
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы 24 тамыздан бастап «Әлемнің әйгілі мешіттері» монеталар сериясынан «proof» сапалы, номиналдық құны 500 теңгелік «FAISAL» және «ZAHIR» ескерткіш алтын монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«FAISAL» және «ZAHIR» ескерткіш алтын монеталарының бет жақтарындағы бейнелер ұқсас. Монеталардың бет жағында (аверсінде) ортасында Исламның қасиетті орындарының кіреберісін білдіретін стильдендірілген арканың, геральдикалық спиральдің бейнесінен тұратын композиция және монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Номинал цифрларының оң жағында монета жасалған металдың сынамын білдіретін «Au 999» деген жазу орналасқан. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі, соғылған жылын білдіретін «2012» деген сан және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бар.



«FAISAL» ескерткіш алтын монетасының (реверсінде) ортасында «FAISAL» мешітінің бейнесі орналасқан, жоғарғы жағында ағылшын тілінде «FAISAL», төменгі жағында «ISLAMABAD» деген жазу бар.

«ZAHIR» ескерткіш алтын монетасының сырт жағында (реверсінде) ортасында «ZAHIR» мешітінің (Малайзия) бейнесі орналасқан, төменгі жағында ағылшын тілінде «ZAHIR» деген жазу бар.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Монеталардың қыры (гурты) бедерлі.

Ескерткіш монеталар сынамы 999, массасы 3,11 грамм алтыннан жасалған, диаметрі – 16 мм., дайындалу сапасы «proof», таралымы – әрбірі 3 мың данадан.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш алтын монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

### **Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсініктемелері**

«**FAISAL**» мешіті (Пакистан, Исламабад) - әлемдегі ең үлкен мешіттердің бірі. Ислам әлеміне белгілі мешіт өзінің көлемі мен сәулетінің арқасында даңқы шықты. Оның ауданы 5 000 шаршы метрді алып жатыр және 300 000 діндар адамды сыйдыра алады.

«**ZAHIR**» мешіті – Малайзиядағы ең сыйлы мешіттердің бірі. Жыл сайын мешітте Құран оқушылардың фестивалі өтеді. Бұл мешіт әлемдегі ең көркем мешіттердің ондығына кірген.

Ескерткіш монеталар «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнында дайындалған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39, +7 (727) 330-24-77; E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)*